

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№2(131)/2020

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

XFTAP 16.01.13

Д. Қамзабекұлы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(E-mail: dikhan.kamzabek@enu.kz)

«Рухани жаңғыру» - адамзаттық құндылық

Андатпа. Мақалада Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев идеясымен дүниеге келген «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ұлттық және адамзаттық мән-маңызы талданады. Автордың пікірінше, қоғамдық сананы жаңғыртудың алдыңғы шепке шығуы заңды және қажетті қадам болды. 2017 жылы 12 сәуірде Елбасы таяу уақытта орындалуға тиіс нақты жобаларды атап көрсетті. Атап айтсақ, ұлт алфавитін латын қаріпті әліпбиге көшіру, гуманитарлық бағыттағы әлемдік 100 үздік оқулықты қазақ тіліне аудару, қоғам тарапынан өңірлерді қолдауға бағытталған «Туған жер» бағдарламасы және жастарды отаншылдық рухта жетілдіру. Сондай-ақ, еңбек авторы білім мен ғылым саласындағы рухани жаңғырудың рөліне ерекше тоқталады. Соңғы жылдары атқарылған жұмыстарды саралап, алдағы жоспарларды жүзеге асыруға себепші жөн-жобаларды талдайды.

Түйін сөздер: Рухани жаңғыру, тәуелсіздік, құндылықтар, Ұлы дала, тұлға, жоба, серпін, дүниетаным, жасампаздық.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-131-2-121-127>

Түсті: 15.05.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 08.06.20

Кіріспе. Елімізге айрықша серпін берген «Рухани жаңғыру» бағдарламасына үш жыл толды.

Үш жылдың өзі – нәтижелі бір белес болды дер едік. Егемендіктің ерен шежіресін, дәлірек айтсақ, Отанның азаттық жылдарындағы жеңістері мен жемістерін тереңінен толғаған «Тәуелсіздік дәуірі» атты туынды [1], «Төртінші өндірістік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа жолдау [2] және «Бес әлеуметтік бастама» атты үндеу [3] - Қазақстанның Тұңғыш Президентінің баянды жолды бағдарлап, кемел келешекті айқындап берген дәйекті де, толымды еңбектері.

Біз – білім саласы мамандарымыз. Жастарға жолбасшы болып жүргендер қатарынанбыз. Бір айта кететін жайт: тәуелсіздікпен бірге өсіп-жетілген жастар ел мүддесіне, мемлекеттің салиқалы саясатына жауапкершілікпен қарайды. Міне, осы тұрғыдан келгенде, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [4], «Ұлы даланың жеті қыры» [5] атты еңбектері – елдікке серпін берген дүниелер болып шықты.

«Рухани жаңғыру» - тар ұлттық мақсат емес, кең жалпыадамзаттық құндылық.

«Рухани жаңғыру» - өткеннің жалаң шежіресі емес, мемлекеттік жасампаздық пен серпілістің айнасы.

«Рухани жаңғыру» - шектелушілік пен тұйықтық емес, береке-бірлік жолындағы маңдайдың ашықтығы, ниеттің түзулігі.

Мақсаты. Елбасы рухани жаңғырудың алты бағытын айқындап берді. Оған жетудің міндеттерін де белгіледі. Латын қарпіне көшу, туған жердің қадірін білу, қасиетті мекендерді ұлықтау, классикалық оқулықтарды қазақ тіліне аудару, жастар үлгі тұтатын тұлғаларды анықтау – осы кешенді шараның бәріне де Қазақстан жоғары білім саласы қатарында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті аянбай атсалысып келеді. Бұл – біз үшін әрі мәртебе, әрі мақтаныш.

Білім – рухани жаңғырудың әрі негізі, әрі құралы, әрі серпін берер күші.

Әлемдік классикалық оқулықтарды қазақ тіліне аудару туралы Елбасы тапсырмасы – ерекше тиімді әсері, лайықты қайтарымы бар бастама.

Біріншіден, ағылшын тілінен тікелей ана тілімізге аудару тілдің мүмкіндігін арттырады.

Екіншіден, ұлт терминологиясы жаңа қормен байып, жаңаша ізденістер пайда болады.

Үшіншіден, ұлт ғылыми тұжырымдамасы, қағидаттары құлашын кеңейте түседі.

Әрбір көзі ашық адам жақсы біледі: тілде шекара болғанымен, мида, санада шекара жоқ. Сондықтан бүгін қалың оқырманға, білім жүйесіне ұсынылған 48 оқулық – жастарды әлем ғылымымен, әлем танымымен ұштастырады. Бұл – нағыз рухани алтын көпір.

Осы ретте Еуразия ұлттық университеті мақтанышпен айтатын алғашқы табыстар да бар. Біздің мамандар Карен Армстронгтің «Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс Құдайтану баяны», Дэвид Майерстің «Әлеуметтік психология», Джули Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» антологиясын аударып, әдеби редакциялауға атсалысты.

Міндеті. Тәуелсіздік сұранымымен, мемлекеттің тікелей қолдауымен өмірге келген әлемдік жаңа буын оқулықтар – білім саласы үшін ерекше құбылыс, дүниетаным мен ой-сана жаңалығы және жастар жасампаздығына күш беретін құрал екенін айқындау.

Әдістер. Мақаланы жазу барысында сипаттау, тарихи-салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылады. Жаңғыру тұжырымдамасы мен бағдарламасының қоғамдық ғылымдарға әсеріне бақылау жүргізілді.

Зерттеудің талдануы. Бүгінгі білімнің мәні – мәдени трансформацияда. Халық арасында «Рухани жаңғыру оқулықтары» деген атқа ие болған осы еңбектер – нағыз мәдени трансформацияның арқауы.

Білім саласындағы тағы да бір тренд - бәсеке мен кәсібилікке қажетті білім, сондай-ақ білімдегі ынтымақтастық. Қазақ тіліне тікелей аударылған классикалық оқулықтар дәл осы мәселені шешуге зор ықпал етеді.

Сонымен, рухани жаңғыру қоғамның бар саласына кең мүмкіндік туғызып тұр.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан туындаған бағдарламаның басты мақсаты – еліміздің әлеуетін жоғары зияткерлік деңгейге көтеру.

Президент Қ.К. Тоқаев 2019 жылы 23 наурызда Түркістан облысы жұртшылығымен кездескенде, Ұлт көшбасшысының «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбектерінің тұжырымдамасын терең зерделеудің маңызын айрықша айтты [6].

Бұл ретте отандық білім-ғылым саласы «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасымен бірге тағы да екі арнайы жобаны жүзеге асыруға күш біріктіріп отыр. Олар: «Латынға қарпіне көшу» жобасы; «Туған жер» жобасы.

Жалпыхалықтық «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға еліміздің ғылым-білім саласы аянбай атсалысып келеді. Ауқымды жұмысқа еліміздің барлық білім мекемелері және белгілі тұлғалары тартылды десек те болады.

Сонымен, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы – бірегей идея. Жүз оқулықты аударуға ЖОО мен ғылыми институттардың беделді ғалымдары жұмылдырылды.

Жоба аясында аударылған елуге жуық оқулықтың алғашқы он сегізі 2018 жылдың сәуір айынан оқу үдерісіне енгізілді. Олар базалық оқулықтар ретінде гуманитарлық циклді қамтыды.

Жаңа оқулықтар негізінде элективтік курстар даярланып, 2018-2019 оқу жылынан бастап білім жүйесіне енді. 2019 жылғы дейін аударылған оқулықтар бойынша қазақ, орыс тілдерінде бейне-дәрістер түсіріліп, білім алушыларға ұсынылды. Әлемдік аударма оқулықтары - ұлтты қатал бәсекеге әзірлеудің іргетасы.

Жалпы қоғамның, соның ішінде ата-аналардың, білім алушылар мен оқытушылардың әлемдік оқулыққа деген сұранысы жоғары. Оқулықтардың адаптациясы мен әдістемесіне байланысты 90-нан аса конференция, дөңгелек үстел, семинардың өткізілуі – қоғамның ынтасын көрсетеді.

Бұл бағытта Білім және ғылым министрлігі қабылдаған жол картасы аударма жұмысын да, әдістеме мен насихат жұмысын да нәтижеге жеткізеді деп сенеміз.

«Мемлекеттік тілді латын қарпіне көшіру» жобасының тұжырымдамалық негіздемесі - «Қазақстан–2050» Стратегиясы. Осында Елбасы латын әліпбиіне көшу мерзімін былайша қадап айтты: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» [7].

Мемлекет басшысы 2017 жылы 26 қазанда «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлыққа қол қойды [8]. Бекітілген алфавитті білім жүйесіне ендірудің жол картасы жасалды. Филология бойынша ғылыми жобалардың әлеуетті бағыты - осы латын қарпін ендіру мен оның жаңа фонетикалық, грамматикалық негіздемесін, оқыту әдістемесін айқындауға бағыттталып отыр.

Тіл де, тілді таңдалау да – аса табиғи, аса нәзік құбылыс. Сондықтан латын қаріпті әліпбиімізге байланысты бірнеше мәрте түзетулер мен толықтырулардың жүруі – табиғи үдеріс.

Ұлттық комиссия жанындағы терминологиялық және әдістемелік жұмыс топтарына енген жетекші ғалымдар едәуір ізденіп, нақты практикалық көмек көрсетіп отырғаны мәлім. Дей тұрғанымен, әліпбиді біріздендіре түсуде проблема бар. Оның бәрі жаңа алфавитті нормаландыру барысында бірте-бірте шешілмек.

Терминологиялық жұмыс тобы қазақ тіліне латын әліпбиін бейімдеу бағытында ауқымды, әрі нәтижелі жұмыстар атқарды. Атап айтсақ:

- Салалық терминдердің 10.000 бірліктен тұратын ақпараттық базасы құрылды;
- Қазақ тілінде 15.000-нан астам халықаралық терминдердің үлгілері анықталды;
- Қоғамдық ғылымдар бойынша салалық терминдердің шамамен 5.000 нұсқасы бөлініп жіктелді т.б.

Латын графикасы негізіндегі қазақ тілінің орфографиялық және ортоэпиялық ережелері мектеп оқушылары, колледждер мен ЖОО студенттері арасында сыннан өткізілді.

Білім-ғылым саласы латын әліпбиіне көшуге байланысты республикалық деңгейде практикалық жиын-кеңестер, қажетті іс-шаралар ұйымдастырып, өткізді. Қазақ тілін латын графикасына кезең-кезеңмен көшіру жобасы жоспармен жүргізіледі. Алдымызда аса жауапты міндет тұр. Оған ғылыми әлеует те, халықтың ерік-жігері мен бірлігі де ауадай қажет.

Жастардың патриотизмін және бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға бағытталған «Туған жер» жобасы – «Рухани жаңғырудың» маңызды бағыты. Еуразия ұлттық университеті осы бағдарда Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарына экспедициямен барып, өлкентануға қатысты маңызды көшпелі ғылыми жиындар, әдістемелік кеңестер өткізіп қайтты.

Үш жылдың ішінде «Туған жер» жобасы бойынша жергілікті басқару жүйесі, зиялы қауым және білім мекемелері бірлесіп, қыруар жұмыс атқарды. Республикалық деңгейде өлкетану оқулықтарын оқу үдерісіне енгізу мәселесі талқыланып, тарихи-мәдени жобаларға сараптамалық ұсыныстар берілді. Осы уақытқа дейін «Туған жер» жобасы бойынша 13 мыңнан астам іс-шара кешені атқарылса, соның 3 мыңы – республикалық аядағы істер. Іс-шараларға 3 миллионнан астам білім алушы, педагогтар мен ата-аналар қатысты деген нақты дерек бар.

2018 жылы 700-ден астам «Рухани жаңғыру» орталықтары ашылды. Соның ішінде ЖОО-ларда – 73 кіші офис, колледждерде – 123 және мектептерде – 531 кабинет ашылып, тұрақты жұмыс жасай бастады. Республика бойынша 10-нан аса «Рухани жаңғыру» кафедрасы жаңа форматтағы қызметіне кірісті. Елордадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде алғаш оқу үдерісіне енген «Рухани жаңғыру» пәні өңірлерде жалғасын тапты.

2019 жылдың соңында «Рухани жаңғыру» бас офисі ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне қарайтын Қазақстанның қоғамдық даму институтына берілді.

Мемлекеттік емтиханға «Рухани жаңғыруға» қатысты сұрақтар енгізілді.

Тұжырымдамалық негіздері бекітілген «Өлкетану» оқу курстары мектеп бағдарламасына енгізілді. Хрестоматиялар әзірленді. 5-7 сынып оқушылары жаңа мазмұнды «Өлкетану/ Краеведение» оқулықтары негізінде білім алып жатқанын да ескерте кетейік. Мектептер жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құрылды. Тарихи-мәдени орындар мен музейлер базасында практикалық сабақтар өткізу дәстүрге айналды. Өлкетанушылық, туристік-экспедициялық, экологиялық бағыттардағы жұмыстар жандана түсті.

«Туған жер» жобасы - жастарымыздың зияткер әлеуетін қалыптастырушы, отансүйгіштігін арттырушы бірден-бір айрықша жоба деуге толық негіз бар.

Рухани жаңғыру бойынша арнайы құрылған Ұлттық комиссия бірнеше министрлікпен, соның ішінде, Білім және ғылым, Мәдениет және спорт министрліктерімен тығыз байланыста жұмыс атқарып отыр және алда да осы бағытынан айнымайды деп сенеміз.

Қоғам санасын жаңғырту іс-шаралары бұқаралық ақпарат құралдарында, сайттарда тұрақты насихатталып келеді. Оқу орындарында бағдарлама бағыттары бойынша арнайы орталықтар да ашылды. Мәселен, «Зияткерлік ұлтты қалыптастыру орталығы», «Экология және география орталығы» т.б. Атаулы бағдарлама аясында университеттер 760 конференция, дөңгелек үстел және түрлі талқылаулар өткізсе, осы бағытта 4537 мақала (оның ішінде 546–сы шетелдік басылымдарда) жарық көріпті.

Білім және ғылым министрлігі «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасын жоспарлы түрде жүргізуді де қолға алды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру сапасын бағалайтын республикалық «Орталық сараптама кеңесі» жұмысын жоғары оқу орындары сәтті жүргізді.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» еңбегі де бірнеше елдік жобаларға негіз болды. Мысалы, «Архив-2025» жобасына еліміздің таңдаулы ғалымдары қатысады. «Ұлы даланың тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік сериямен кітаптар шығару қолға алынды. Салалық ғылыми-зерттеу институттары «Түркі өркениеті» атты іргелі ғылыми жобаны бастап кетті. Елбасы айқындаған Ұлы дала жеті қырының әрқайсына арнайы энциклопедия даярлау жоспарланып, кезең-кезеңмен жүзеге асады. Осы орайда әлеуметтік-гуманитарлық мамандықтардың оқу жоспары концептуалды түрде қайта пайымдалады.

Биыл қабылданған Білім және ғылым министрлігі даярлап жатқан «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 арналған мемлекеттік бағдарламасына» Рухани жаңғыру мен Ұлы дала құндылықтарын меңгертуге бағытталған қағидаттар қосылды. Бұл да – маңызды қадам.

Бұл ретте «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша тәрбие іс-шараларының тұжырымдамасы» әзірленіп, білім саласын жақсы істерге жұмылдырып отыр.

Енді рухани жаңғыруға негізделген Қазақстан білімі мазмұнын халықаралық деңгейде насихаттау және оны заманауи технологиялар аясында көрсету – еліміз үшін маңызды міндет екені күн тәртібіне шықты.

Тұтастай алғанда, білім-ғылым өкілдерінің рухани жаңғырудың алғы шебінде жүруі – замана талабы және зиялылық өнегесі.

Қоғамдық сананы жаңарту ең басты мақсаты – бәсекеге қабілетті азаматтарды қалып-

тастыру. Жаңғырту бағдарламасының да көздегені – осы. Біз жастар бойына білімге деген ашықтық пен тиянақтылықты сіңіртуге тиіспіз. Балабақшадан жоғары оқу орнына дейін оқу жүйесі білім алушылар санасына әлемдік бәсекеге төтеп беруді, сын-кәтерлерден қаймықпауды, ешкімнен кем емес екенін құя білгені жөн дейміз.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының тарихи мәні – дамудың сабақтастықта, дәстүр негізінің өркениеттілікте екенін көрсетуінде.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы да аталған бағдарлама алдағы уақытта серпінді жалғасатынын қадап айтты.

«Рухани жаңғыруды» - бірыңғай өткенге құрмет деп қана түсіну аз, оның негізгі миссиясы – сапалы қормен, салиқалы тәжірибемен алға ұмтылу. Соңғысының мәні – бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, білім культі, сананың ашықтығы, ұлттық кодты сақтау мен ілгерілету, елді эволюциялық жолмен дамыту. Сондықтан да бұл мемлекетшіл бағдарлама – ел дамуының идеологиялық негізі. Ол – адамзаттық құндылықты бағалаған және оны ұлт құндылығымен байытқан Қазақстан жолының айқын көрінісі.

Ұлттың өркендеуіне аса қажетті ғасырлық рухани жобаға белсенді атсалысу – бәріміздің кәсіби және азаматтық борышымыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.
- 2 ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өндірістік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа жолдауы [Электронды ресурс] – URL: <https://www.inform.kz> (Қаралған күні: 02.05.2020)
- 3 Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі. [Электронды ресурс] – URL: <https://www.akorda.kz/.../kazakstan-prezidenti-nursultan-nazarbaev> (Қаралған күні: 02.05.2020)
- 4 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 12.04.2017 жыл.
- 5 Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан, 21.11.2018 жыл.
- 6 Қазақстан президенті облыс жұртышылығымен кездесті [Электронды ресурс] – URL: <https://www.akorda.kz/.../kazakstan-prezidenti-oblysh-zhurtshylygy> (Қаралған күні: 02.05.2020)
- 7 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Астана, 2012. - 64 б.
- 8 Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығы. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000569> (Қаралған күні: 02.05.2020)

Д. Камзабек-ұлы

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

«Рухани жанғыру» - общечеловеческая ценность

Аннотация. В статье рассматривается программа «Рухани жанғыру», инициированная Елбасы – Первым Президентом Республики Казахстан. Автор считает, что выдвигание на первый план модернизации общественного сознания была закономерной и необходимой. Елбасы выделяет конкретные проекты, которые должны быть реализованы в ближайшие годы. Прежде всего, это переход казахского языка на латиницу. Один из главных приоритетов - это перевод 100 лучших мировых учебников по гуманитарным дисциплинам на госу-

дарственный язык и программа «Туган жер» (Родная земля), которая создаст возможность поддержки «малой родины» со стороны общественности и воспитания патриотизма молодежи. Также, автор приводит данные о работах, направленных на модернизацию сознания в сфере образования и науки.

Ключевые слова: модернизация общественного сознания, независимость, ценности, великая степь, личность, проекты, прорыв, мировоззрение, созидание.

D. Kamzabek-uly

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

“Ruhani Zhangyru” – a common value

Abstract. The article deals with the program “Ruhani zhangyru”, initiated by Elbasy - the First President of the Republic of Kazakhstan. The author believes that highlighting the modernization of public consciousness was natural and necessary. Elbasy underlines specific projects to be implemented in the coming years. First of all, this is the transition of the Kazakh language to the Latin alphabet. One of the main priorities is the translation of the 100 best world textbooks on humanitarian disciplines into the state language and the program “Tugan Jer” (Native Land), which will create the possibility of public supporting the “small homeland” from the public and teaching patriotism to youth. Also, the author cites data on works aimed at modernizing consciousness in the field of education and science.

Keywords: modernization of social consciousness, independence, values, great steppe, personality, projects, breakthrough, worldview, creation.

References

- 1 Nazarbaev N.A. Tauelsizdik dauiri [Epoch of independence] – Astana, 2017. – P. 508.
- 2 QR Prezidenti – Elbasy N.A. Nazarbaevtyн «Tortinshi ondiristik revoliutsiya jaǵdaynda damudyń jana mumkindikteri» atty halyqqa joldauy [Message of the President of the Republic of Kazakhstan-Leader of the Nation N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan «New development opportunities in the Fourth industrial»] [Electronic resource] Available at: <https://www.inform.kz> (Accessed: 02.05.2020)
- 3 Elbasy Nursultan Nazarbaevtyн «Prezidenttin bes aleymettik bastamasy» atty halyqqa undeui [Address of the head of state Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan «Five social initiatives of the President»] [Electronic resource] Available at: <https://www.akorda.kz/.../kazakstan-prezidenti-nursultan-nazarbaev> (Accessed: 02.05.2020)
- 4 Nazarbaev N.Á. Bolashakqa bagdar: ruhanı jangyru [The Course towards Future: Modernization of Republic Conscience] // Egemen Qazaqstan, 12.04.2017
- 5 Nazarbaev N.Á. Uly dalanyn jetti qyry [Seven faces of the great steppe], Egemen Qazaqstan, 21.11.2018
- 6 Kazahstan Prezidenti oblys jurtshylygymen kezdesti [the President of Kazakhstan met with the public of the region][Electronic resource] Available at: <https://www.akorda.kz/.../kazakstan-prezidenti-oblys-zhurtshylygy> (Accessed: 02.05.2020)
- 7 Nazarbaev N.A. «Qazaqstan-2050» Strategiyasy kalyptasqan memlekettin jana saıası bagyty [«Kazakhstan-2050» new political course of the established state] Astana, 2012. - P. 64.
- 8 Kazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2017 jylgy 26 qazandagy № 569 Jarlygy [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated October 26, 2017 No. 569] [Electronic resource]

Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000569> (Accessed: 02.05.2020)

Автор жайлы мәлімет:

Қамзабекұлы Д. – ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Kamzabek-uly D. – Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Vice-Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.